

**Білім және ғылым саласы ұйымдарындағы 2019 жылғы  
ұжымдық-шарттық кампаниялардың қорытындысы және  
кәсіподақ ұйымдарының әлеуметтік әріптестік тиімділігін  
әрі қарай арттыру жөніндегі міндеттері туралы  
АҚПАРАТ**

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының ұжымдық-шарттық жұмысының 2019 жылғы қорытындысы, әлеуметтік әріптестік тараптарының ұжымдардың тұрақты жұмысын қолдау, білім жүйесін әрі қарай дамыту, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдағанын көрсетті.

Аймақтық салалық келісімдер мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған Салалық Келісім ережелерін кеңейтеді.

Білім саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту Кәсіподақтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Тараптардың келісілген әрекеттерінің нәтижесінде бүгінгі таңда және жалпы барлық – республикалық, облыстық және аумақтық, аудандық және қалалық деңгейлерде, білім беру ұйымдарының деңгейінде әлеуметтік әріптестіктің салалық жүйесі құрылған және тиімді жұмыс жасайды.

Білім басқармасы органдары мен кәсіподақ құрылымдарының ынтымақтастығы білім беру саласындағы инновацияларға байланысты аса өзекті болып табылады, өйткені білім беру саласындағы реформалар еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне ауыстырылады. Еңбекті ұжымдық-шарттық реттеу мәселелері, әсіресе елімізде төтенше жағдайды енгізу кезінде жандандырылып отыр. Кәсіподақтың мұндай жағдайдағы негізгі міндеті кәсіподақ мүшелерінің еңбек жағдайларын нашарлатуға жол бермеу, қолданыстағы әлеуметтік-еңбек кепілдіктерін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

Кәсіподақтың басқарушы органдарының шешімдерін орындау үшін Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, барлық облыстық және аумақтық ұйымдары, сондай-ақ аудандық кәсіподақ комитеттері білім басқармаларымен, бөлімдерімен тиісті келісімдер жасап, оларды белгіленген тәртіпте тіркеуден өткізді. Барлығы 20 аумақтық, 163 аудандық және қалалық келісімдер жасалды. Кәсіподақ құрамына кіретін 9332 білім беру ұйымдарының ішінен ұжымдық шарт сала Кәсіподағының 9246 ұйымында жасалды. Ұжымдық шарт жасалмаған кәсіподақ ұйымдарының саны – 86 (2020 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша), соның ішінде: Павлодар облыстық ұйымында - **31**, «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіподағында - **20**, Жамбыл облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің Жергілікті кәсіподағында - **14**.

Ұжымдық шарттың іс-әрекеті **645 748** кәсіподақ мүшесіне қолданылады (2019 жылғы ұжымдық-шарттық жұмыс туралы есеп /3-нысан/ тіркеледі).

Барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарының алдына жасалатын ұжымдық шарттар санын көбейтумен қатар, олардың сапасын арттыруға, бұл құқықтық актілерге зор әлеуметтік бағыттылық пен кәсіподақ мүшелері - қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесіне маңыздылық беруге, тараптардың алған міндеттемелерін орындауға ықпалды бақылауды қамтамасыз етуге қол жеткізу міндеті қойылды. Сала ұйымдарының ұжымдық шарттарының мазмұнына жүргізілген талдау, олардың көпшілігінде еңбек ұжымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар, өмір сүру деңгейін арттыру, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау, жалақыны уақытында төлеу, қызметкерлер мен олардың балаларын сауықтыру шаралары да көзделгенін көрсетті. Сондай-ақ мүмкін болған жағдайларда, сыйлықақы беру, аз қамтылған және көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге көмек, балаларды оқытуға қарыз беру және басқа да қосымша кепілдіктер мен әлеуметтік төлемдер қарастырылған.

Көптеген ұжымдық шарттардың іс-әрекеттері тек оған қол қойған қызметкерлерге, яғни кәсіподақ мүшелеріне ғана қолданылады, бұл ұжымдық шартқа ерекше маңыздылық береді.

Сонымен қатар, әлеуметтік әріптестік жүйесінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар да кездеседі. Жекелеген аймақтарда әлеуметтік әріптестік жөніндегі комиссияның жүйелі жұмысы қамтамасыз етілмеген, комиссия отырысына әлеуметтік-экономикалық сипаттағы маңызды мәселелер шығарылмайды.

Жұмыс берушілердің келісімдер мен ұжымдық шарттар жағдайларын орындауына қоғамдық бақылау жеткіліксіз деңгейде іске асырылады.

2019 жылғы 9 қазанда Кәсіподақтың XIV Съезімен қабылданған Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасы саладағы әлеуметтік әріптестік жүйесін әрі қарай дамыту міндетін қойды. Оны іске асыру үшін:

- әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейлерінде әлеуметтік әріптестік, еңбек, әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу жөніндегі комиссия мәжілістерін жүйелі түрде өткізу;

- білім және ғылым саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін басқару мен қызмет ету жағдайын, құрылымын жетілдіру;

- әлеуметтік-еңбек қатынастарын шарттық реттеу тиімділігін, соның ішінде келісімдер мен ұжымдық шарттарға нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған ережелерді уақытында қосу негізінде арттыру;

- келісімдер мен ұжымдық шарттар тиімділігі мониторингісінің құралын әзірлеу, анықтау және белсенді қолдану, әлеуметтік әріптестіктің барлық деңгейлерінде оң жетістіктер банкіні құру;

- әлеуметтік әріптестік барысы мен нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді жариялау қажет.

**Төрайым орынбасары**

**В. Беженаров**